«6D020400-Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бокыбаев Нурбакыт Абдыгалиевичтің «Цирк қазіргі мәдениет перфомансы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 4. Елдің зияткерлік әлеуеті бағыты ішінен – 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 2.8 Мәдениет және өнер саласындағы пәнаралық зерттеулер. Қазақстанның креативті индустриясы
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	6D020400 – Мәдениеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазақ цирк өнерін перформативті феномен ретінде қарастырып, оның тарихи-мәдени тамырларын, көркемдік ерекшеліктерін және қазіргі кезеңдегі трансформациясын терең талдауы арқылы гуманитарлық ғылымдарға елеулі үлес қосады. Диссертацияда қолданылған пәнаралық әдіснама, теориялық негіздемелер және этнографиялық материалдар цирк өнерін жаңа ғылыми тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді. Зерттеудің жоспары, құрылымы, мазмұны,

			ғылыми деңгейі мен теориялық тұжырымдары диссертацияның маңыздылығын толық негіздейді. Қазақ циркіне қатысты ғылыми еңбектердің тапшылығын ескерсек, бұл зерттеу ұлттық мәдениеттанудағы маңызды олқылықтың орнын толтыратын өзекті әрі құнды еңбек болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Қорғауға ұсынылған диссертация мәтіні автордың жазу деңгейінің жоғары екенін айқын көрсетеді. Сөз саптауы, баяндау стилі, терминдерді қолдану жүйелілігі мен тұжырымдардың нақтылығы автордың ғылыми мәдениетті жақсы меңгергенін дәлелдейді. Зерттеуші отандық және шетелдік әдебиеттермен кең көлемде жұмыс істеп, оларды салыстыра талдап, дербес ой түюге қабілетті екенін көрсеткен. Үзінділер мен ғылыми тұжырымдардың логикалық байланысы, мәтіннің тұтастығы және авторлық стилдің сақталуы автордың зерттеу мәселесін терең меңгергенін айғақтайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі жеткілікті және сенімді түрде негізделген. Автор цирк өнерін ұлттық мәдени кодпен, перформативтік тәжірибелермен, тарихи-этнографиялық бастаулармен байланыстыра отырып, зерттеудің маңызын жан-жақты аша білген. Қазіргі жаһандану мен мәдени өзгерістер жағдайында ұлттық өнердің, оның ішінде цирк өнерінің тарихи тамырын сақтау, қайта жаңғырту және мәдени саясат контекстінде бағалау – аса маңызды ғылыми міндет. Автор осы мәселелерді дәйекті түрде талдап, зерттеу тақырыбының практикалық және теориялық маңызын нақты айқындап көрсеткен. Зерттеу жұмысы қазақ циркі мен дәстүрлі мәдени тәжірибелердің сабақтастығын дәлелдеп, оны ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал ететін мәдени феномен ретінде толыққанды ашып көрсетеді. Диссертацияның ішкі логикасы, бөлімдер арасындағы сабақтастық пен тұтастық сақталған, сондықтан өзектілік туралы тұжырымдар толық негізделген деп бағаланады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;**	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толықтай ашып көрсетеді. Зерттеу құрылымы «цирк қазіргі мәдениет перформансы ретінде» деген тақырыпқа сәйкес, цирк өнерін тарихи-мәдени, теориялық, перформативтік және этнографиялық қырларынан кешенді түрде

		2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	қарастырады. Бірінші тарауда циркті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері жан-жақты талданған. Мұнда перформативтілік теориясы, мәдени антропология, посткеңестік зерттеулер мен пәнаралық тәсілдер диссертацияның ғылыми негізін толық ашып, зерттеу логикасын дұрыс айқындайды. Екінші тарау Ұлы даладағы дәстүрлі перформативтік тәжірибелер, сал-серілік, бақсылық, трикстерлік мәдениет және арғымақтық өнердің цирктегі көрінісі арқылы ұлттық мәдени кодтың қалыптасуына әсерін көрсетеді. Бұл тарау зерттеу тақырыбының тарихи-мәдени арқауын дәлелді түрде ашады. Үшінші тарау Қазақ мемлекеттік циркінің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін этнографиялық деректер негізінде талдап, посткеңестік кезеңдегі мәдени трансформацияны ғылыми тұрғыда сипаттайды. Nomad Stunts феномені қазіргі цирктік перформативті бренд ретінде қарастырылып, зерттеудің заманауи маңызын ашады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді және зерттеу құрылымында жүйелі жүзеге асырылған. Автор циркті перформативті мәдени феномен ретінде қарастыруды мақсат ете отырып, зерттеу міндеттерін нақты, қисынды және ғылыми талаптарға сай айқындаған. Зерттеу міндеттерінің мазмұнды түрде атқарылуы, теориялық және эмпириялық материалдардың кең қамтылуы диссертацияның мақсатына толық жеткенін және міндеттердің толық сәйкес келетінін дәлелдейді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның құрылымы ғылыми логика талаптарына толық сәйкес келеді және оның барлық тараулары бір-бірімен тығыз өзара байланысқан. Зерттеу материалдары бірізді түрде беріліп, теориялық негіздемеден эмпириялық талдауға, одан әрі тұжырымдар мен қорытындыларға қарай жүйелі түрде өрбиді. Бірінші тарауда цирк өнерін перформативті феномен ретінде қарастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері толық ашылған. Онда перформативтілік, мәдениет философиясы, антропология, посткеңестік зерттеулер және семиотика сияқты ғылыми бағыттар жүйеленіп, кейінгі тарауларға берік концептуалды база қалыптастырылған. Екінші тарауда бірінші тарауда берілген теориялық ұстанымдар Ұлы Даланың дәстүрлі перформативтік тәжірибелерімен

			ұштасып, қазақ мәдениетінің тарихи-көркемдік контекстінде нақты көрініс табады. Сал-серілік, бақсылық, трикстерлік өнер және арғымақтық мәдениет туралы бөлімдер тарихи деректер мен мәдени-антропологиялық талдаулар арқылы бірінші тараудың ғылыми негіздерін нақтылайды. Үшінші тарау Қазақ мемлекеттік циркі мен Nomad Stunts феномені этнографиялық материалдар негізінде талданып, теориялық тұжырымдар нақты тәжірибелік деректермен дәлелденеді. Осылайша, цирктегі ұлттық бірегейлік, репрезентация, мәдени трансформация және перформативтілік мәселелері толық логикалық тұтастықта қарастырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Зерттеуші ұсынған ғылыми жаңалықтар мен жаңа тәсілдер бұрынғы ғылыми тұжырымдармен салыстырмалы түрде талданып, өзіндік ғылыми ұстаным анық көрсетілген. Автор бұрыннан орныққан мәдениеттанулық және этнографиялық әдістермен шектеліп қалмай, оларды перформативтілік теориясы, постколониялық талдау, семиотикалық тәсілдер және мәдени антропологиямен ұштастыра отырып, жаңа интерпретациялар жасай алған. иссертацияда шетелдік және отандық ғалымдардың көзқарастары салыстырылып, олардың кейбір тұжырымдарына сыни баға берілген. Автор әрбір теориялық пікірді механикалық түрде қайталамай, оның қолданылу шегін, артықшылықтары мен әлсіз тұстарын сауатты саралап, өзінің зерттеу логикасына сәйкес қайта пайымдайды. Мысалы, ұлттық мәдени кодты анықтаудағы кең таралған түсініктердің жеткіліксіздігі, қазақ цирк өнерінің мәдени-семиотикалық өлшемдерде арнайы зерттелмеуі сияқты мәселелер зерттеуде өз шешімін табады. Осының барлығы автордың өзіндік ғылыми бағыты қалыптасқанын, жаңа шешімдерінің дәлелді түрде негізделгенін және ғылыми әдебиетке сыни талдау жасай алатынын дәлелдейді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар толықтай жаңа деп бағалауға болады. Зерттеу қазақ цирк өнерін мәдени код, перформативтілік, ұлттық репрезентация және посткеңестік идентичность тұрғысынан кешенді қарастыруы арқылы ғылыми айналымға тың мәліметтер енгізеді. Бұрын қазақ циркі көбіне өнер тарихы немесе этнографиялық шолу аясында ғана қарастырылған болса, бұл зерттеу

			циркті ұлттық мәдениеттің семиотикалық, философиялық, мифологиялық, антропологиялық және перформативтік өлшемдері арқылы қайта пайымдайды. Мұндай пәнаралық талдау Қазақ мемлекеттік циркінің мәдени мағына өндірудегі рөлін жаңа ғылыми деңгейде ашып көрсетеді. Зерттеуде арғымақтық өнердің мәдени-философиялық мәні; сал-серілік, бақсылық және трикстерлік тәжірибелердің цирк перформансымен сабақтастығы; кеңестік дәуірдегі цирк өнерінің ұлттық кодты трансформациялау үрдістері; Nomad Stunts феноменінің жаңа мәдени-брендтік құбылыс ретіндегі маңызы сияқты мәселелер алғаш рет жүйелі ғылыми интерпретация алған. Сонымен қатар этнографиялық интервьюлар, цирк әртістерінің кәсіби тәжірибелері және заманауи мәдени саясат контексті негізінде алынған эмпириялық мәліметтер де қазақ циркі туралы жаңа теориялық тұжырымдарға жол ашады. Зерттеу нәтижелері дәйекті, кешенді және ғылыми жаңалығы жоғары, яғни диссертацияның негізгі ережелері толығымен жаңа деп сенімді түрде айтуға толық негіз бар.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, себебі автор қазақ циркін талдауда бұрын қолданылмаған перформативтік, мәдени-семиотикалық және посткеңестік тәсілдерді тұңғыш рет біріктіріп қолданған. Бұрын этнографиялық деңгейде ғана қарастырылған цирк феномені бұл зерттеуде терең мәдени-философиялық мазмұнымен қайта ашылған.
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу әлеуметтік-гуманитарлық сипатта болғанымен, автор ұсынған мәдени талдау модельдері, цирктегі ұлттық кодты ұғындыру схемалары және перформативтік тәсілдер жаңа әдістемелік шешім ретінде ұсынылған. Бұл ғылыми шешімдер зерттеу нысанын талдаудың инновациялық бағытын көрсетіп, алдағы зерттеулерге әдіснамалық негіз бола алады.
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның негізгі қорытындылары толықтай негізделген және ғылыми дәлелдермен бекітілген. Автор ұсынған тұжырымдар теориялық-әдіснамалық талдау, тарихи-мәдени материалдар және сапалық деректерді сұрыптап пайдалану арқылы толық дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері мәдениеттану, өнертану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы қазіргі ғылыми бағыттармен үйлесіп, қазақ цирк өнеріне қатысты жаңа ғылыми пайым ұсынады. Жұмыстың негізгі қорытындылары мәдениет саласындағы мамандарға, шығармашылық ұйымдар мен ғылыми мекемелерге қолданбалы тұрғыдан да пайдалы бола алатынын дәлелдейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді**; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	7.1 Негізгі қағидаттар **толық дәлелденген.** Ізденіс ауқымында автор тарапынан 6 қағидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар толық дәлелденген және диссертацияның теориялық-әдіснамалық негіздерімен, тарихи-мәдени материалдарымен және эмпириялық деректерімен үйлесімде берілген. Әр қағидат зерттеу нәтижелерімен нақты байланыстырылып, біртұтас ғылыми жүйе ретінде ұсынылған. 7.2 Әр қағидат **тривиалды емес** саналады. Ұсынылған қағидаттардың ешқайсысы тривиалды емес, керісінше, күрделі ғылыми мәселелерді жаңа қырынан талдауға бағытталған. Автор қолданған тәсілдер мен интерпретациялар бұрынғы зерттеулерді қайталамай, жаңа ғылыми көзқарас қалыптастырады. 7.3 **Мейлінше жаңа.** Қағидаттардың барлығы мазмұндық тұрғыдан да, әдіснамалық тұрғыдан да жаңашыл, қазақ цирк өнерінің мәдени-әлеуметтік табиғатын бұрын ғылыми айналымда болмаған қырынан талдайды. Бұл тұжырымдар ұлттық мәдени код, перформативтілік, тарихи сабақтастық мәселелеріне тың пайым ұсынады. 7.4 **Қолдану деңгейі кең.** Диссертация нәтижелерін мәдениеттану, философия, этнология, өнертану салаларында, сондай-ақ мәдениет ұйымдарының практикалық қызметінде қолдануға болады. Жұмыс сондай-ақ студенттерге, магистранттар мен докоранттарға арналған оқу

		2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1**) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	үдерісінде теориялық материал ретінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. 7.5 Диссертация ережелері автордың жариялаған ғылыми мақалаларында толық дәлелденген және мазмұнмен үйлесім табады. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 7 ғылыми басылымда шықты, соның ішінде 1 мақала Scopus мәліметтер базасында индекстелген ғылыми журналдарда (Leveraging the shift in the geocultural landscape towards internationalizing cultural entrepreneurship // FIIB Business Review. – 2025. – Vol.14. – Issue 4. – P. 413-424), 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 3 мақала халықаралық конференция материалдарының жинақтарында, оның 1 мақаласы шетелдік жинақта жарияланды.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертацияда қолданылған әдіснама нақты және жан-жақты негізделген, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Автор тарихи-генеалогиялық, мәдени-антропологиялық, салыстырмалы талдау, этнографиялық сипаттама сияқты әдістерді жүйелі қолданып, зерттеу объектісінің күрделілігін ашуға мүмкіндік берген. Әдіснамалық таңдау зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелерін өңдеу мен құрылымдауда қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалар мен аналитикалық құралдардың тиімді пайдаланылғаны айқын байқалады. Ақпаратты өңдеу, мәтіндік материалдарды жүйелеу және интерпретациялау процесінде сандық технологиялар жұмыстың сапасын арттырып, деректерді икемді талдауға жағдай жасаған. Бұл зерттеудің әдіснамалық мәдениетін күшейтіп, ғылыми нәтижелердің нақтылығын арттырған.

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациядағы теориялық қорытындылар қазақ циркіне қатысты ғылыми деректермен және мәдени-антропологиялық, өнертанулық зерттеулермен терең дәйектелген. Автор цирк өнерінің тарихи дамуы, оның фольклорлық-ритуалдық негіздері, сал-серілік, бақсылық, жыршылық, арғымақ мәдениеті секілді дәстүрлі перформативтік тәжірибелермен байланысын теориялық деңгейде жүйелі талдайды. Қазақ циркінің қалыптасуындағы кеңестік кезеңнің әсері, посткеңестік трансформациялар, ұлттық бірегейлікті қайта құру үдерісіндегі цирктің рөлі сияқты мәселелер өзара логикалық байланыста, ғылыми дәлелдермен негізделген. Сонымен бірге автор ұсынған «ұлттық цирк идентификациясының кезеңдік моделі», «перформативтік код», «эпигенетикалық қайта құру» сияқты теориялық тұжырымдар циркті тек орындаушылық өнер ретінде емес, мәдени мағыналар өндіретін әлеуметтік институт ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл модельдер қазіргі цирктегі шығармашылық трансформация, инновация, дәстүр мен модерн синтезін ғылыми тұрғыдан ашып, мәдениеттанулық зерттеулерге жаңа теориялық құндылық қосады. Жалпы алғанда, диссертациядағы теориялық аргументация қазақ циркіне қатысты қолданыстағы ғылыми базаны кеңейтеді және ұлттық өнердің мәдени-философиялық мәнін терең түсіндіреді.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және **сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Жұмыста пайдаланылған мәліметтер сенімді, тексерілген және ғылыми айналымдағы негізгі отандық және шетелдік әдебиеттермен расталған. Автор әрбір маңызды тұжырымды беделді дереккөздермен негіздеп, әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы зерттеу сапасын айқын күшейтеді. Бұл диссертацияның деректік базасының жеткіліктілігін және ғылыми аппаратының жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі **әдеби шолуға жеткілікті**/жеткіліксіз.	Жұмыста 248 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған, олардың басым бөлігі диссертацияда көтерілген мәселелерді жан-жақты ашуға бағытталған. Ізденуші цирк өнерінің тарихы, перформативтік теория, мәдениеттану, антропология, эстетика, кеңестік және посткеңестік кезеңдегі мәдени саясат сияқты әртүрлі салалар бойынша зерттелу деңгейін толық әрі жүйелі негіздеген. Әйтсе де, диссертация тақырыбына тікелей қатысы бар қазақ циркіне арналған сирек кездесетін отандық дереккөздер, архивтік

			материалдар мен кәсіби цирк сыншыларының мақалалары одан әрі кеңейтілсе, әдеби шолудың эмпирикалық базасы бұдан да күшейе түсер еді. Дегенмен ұсынылған әдебиеттер жиынтығы зерттеу мақсаттарына толық сай келеді және жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізін қамтамасыз ете алады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы айқын: автор қазіргі мәдениеттегі негізгі үрдістерді талдап, қазақ дәстүрлі ғұрыптары мен ритуалдарын, сал-серілік, бақсылық, трикстерлік және арғымақтық перформативтік тәжірибелерді цирк өнерінің мәдени-тарихи негіздері ретінде жаңаша түсіндіреді. Жұмыс синкретизм, трансформация, перформативтік әрекет және ұлттық мәдени код мәселелерін жаңа қырынан ашып, қазақ циркіне қатысты теориялық аппаратты айтарлықтай кеңейтеді.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы жоғары: алынған тұжырымдар мемлекеттік мәдени саясатты жетілдіруде, ұлттық өнерді қолдау бағдарламаларын әзірлеуде, сондай-ақ цирк ұйымдарының шығармашылық стратегияларын қалыптастыруда қолдануға болады. Сонымен қатар, жұмыстың материалдары мәдениеттану, өнертану, антропология бағыттарындағы білім беру бағдарламаларын дайындауға, оқыту курстарын толықтыруға және мәдени мекемелердің практикалық қызметін тиімді ұйымдастыруға пайдалы.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа, зерттеу барысында автор бұрынғы тұжырымдарды қайталамай, өзіндік авторлық шешімдер ұсынады. Бұл ұсыныстар мәдениет саласындағы нақты мәселелерді шешуге бағытталған.
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары: ғылыми стиль сақталған, ой жүйелі және дәлелді берілген. Техникалық рәсімдеу талапқа сай орындалған.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұны терең және ғылыми негіздемесі мықты болғанымен, зерттеудің ауқымын кеңейте түсу үшін бірнеше бағыттарда қосымша дереккөздерді пайдалануға болар еді деп санаймын. Мәселен,

			қазақ циркі, сал-серілік, бақсылық, ойын-сауық дәстүрлері және перформативтік мәдениетке қатысты арнайы этнографиялық еңбектер, сондай-ақ қазіргі заманғы мәдени трансформацияны талдаған зерттеулер қосылса, жұмыстың теориялық базасы одан әрі күшейер еді. Сонымен бірге, қазақ циркіне қатысты архивтік материалдар, алғашқы әртістердің естеліктері немесе өңірлік театр-цирк студиялары туралы еңбектерді пайдалану диссертациядағы тарихи-мәдени сабақтастықты тереңірек ашуға мүмкіндік берер еді. Бұл ұсыныстар жұмыстың жалпы сапасына әсер етпейді, тек зерттеу аясының кеңеюіне бағытталған ғылыми толықтырулар ретінде қарастырылды.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант жариялаған Scopus базасына кіретін “Leveraging the shift in the geocultural landscape towards internationalizing cultural entrepreneurship” мақаласында геомәдени өзгерістердің мәдени кәсіпкерлікке әсерін, әсіресе Nomad Stunts мысалында, халықаралық мәдени индустрияларға шығу стратегияларын талдайды. Авторлар мәдени капитал, аутентичность, интернационалдану және креативті кәсіпкерлік байланысын теориялық және эмпирикалық тұрғыда негіздейді. Зерттеу Nomad Stunts тобының жаһандық танылуына әкелген факторларды жүйелі талдайды. «Цирк өнері мәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде» (Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. № 2 (68). 2019. – С. 181-193.) мақаласында цирк өнері мәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Ортағасырлық жонглерлер дәстүрі, халықтық күлкі мәдениеті, карнавал элементтері және денелік перформанс цирк өнерінің тарихи-мәдени негізі ретінде талданады. Автор цирктің тек көңіл көтеру ғана емес, қоғамның мәдени санасында орныққан символдық құрылым екендігін көрсетеді. Еңбек цирк феноменін мәдени жүйе ретінде сипаттауға бағытталған. «Embodied Aesthetics and Philosophy in the Traditions of Sal-seri, Stilt Walkers, and Tricksters in Kazakh Steppe Performance» (Вестник Карагандинского университета Серия История. Философия. – 2025. – Т. 30. – №. 2 (118). – С. 213-221.) мақаласында қазақтың орындаушылық дәстүрлерінің философиялық мәні талданып, сал-сері, ағашаяқ және

			трикстерлер өнерінің эстетикалық, рухани және әлеуметтік қырлары ашылады. Автор бұл дәстүрлерді ойын-сауықтан тыс, ұжымдық жады мен болмыс философиясын бейнелейтін мәдени феномен ретінде қарастырады. Сал-серілердің ақын-жырау, жауынгер және рухани дәнекерші ретіндегі рөлі этикалық сын мен әлеуметтік бірлікті қалыптастырудағы маңызымен сипатталады. Музыка, күлкі, рәсім және денелік шеберлік синкретизмі көшпелі мәдениеттің қозғалыс пен экологиялық үйлесімге негізделген өнер философиясын көрсетеді. «Қазақстандағы Цирк өнерінің бастаулары мен дамуы» (Монография. Алматы: Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы баспасы, 2019. – 148 б.) монографияда Қазақстандағы цирк өнерінің тарихы, кәсіби цирктің қалыптасуы, ұлттық цирк мектебінің дамуы, аймақтық ерекшеліктер және қазақ цирк династиялары кешенді түрде талданады. Автор тарихи, этнографиялық және өнертанулық деректерді біріктіріп, цирк өнерінің ұлттық мәдениеттегі орнын жан-жақты көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		6D020400 – Мәдениеттану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын

Ресми рецензент:
Кусаинов Дауренбек Умербекович
философия ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі) **(қолы)** **(Аты-жөні)**

14.11.2025